

**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға арналған Нурутдинова Айнұр Жарылғасынқызының
«Экологиялық қолайсыз аумақтар институтын қалыптастыру мен
дамытудың құқықтық мәселелері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Диссертация тақырыбының өзектілігі. Қолайлы қоршаған ортаға құқық - бұл салыстырмалы түрде жақында, өткен ғасырдың соңғы онжылдықтарында заңгер ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған құқықтық құбылыс. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың құқықтарына басымдық бере отырып, өмір мен денсаулық үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды өзінің мақсаты деп жариялады.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс жағдайында табиғатқа антропогендік әсердің күшеюі қоршаған ортаның ластану қарқынының жоғарылауынан, табиғи ресурстардың сарқылуынан, адамның тіршілік ету ортасының нашарлауынан көрінеді. Бұл ластанудың жоғары және тұрақты деңгейімен, табиғи ортаның сарқылуымен және соның салдарынан халықтың аурушандығының жоғарылауымен сипатталатын адамдардың өміріне экологиялық қолайлы аумақтардың қысқаруына және экологиялық қауіптілігі жоғары аймақтардың пайда болуына әкеледі.

Демократиялық және құқықтық Қазақстанның қалыптасуы, оның тең құқықты және өркениетті әріптес ретінде дамыған мемлекеттер қатарына кірігуі қоршаған ортаның жай-күйін сауықтыруға бағытталған бірқатар реформалардың пайда болуына себепші болды. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін ортақ экологиялық проблемаларға, әсіресе ауа сапасына назар аударды.

Қазақстанның қазіргі экологиялық проблемаларының себептерінің бірі халықтың экологиялық мүдделерін ескермейтін кеңестік экономиканың «ауыр» мұрасы болып табылады. Кеңес заманында әртүрлі жобалардың көпшілігі, мысалы, өндірістік кәсіпорындарды орналастыру қоршаған ортаға әсерді бағалаусыз, тиісті экологиялық сараптамасыз жүзеге асырылды, сондықтан көптеген кәсіпорындар халықтың денсаулығына теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, отандық өндірісті, көлікті, құрылысты, атап айтқанда «қауіпсіз және экологиялық таза атом энергетикасын», «жасы» сутегі өндірісін қарқынды дамыту көзделген, бұл қоршаған табиғи ортаның тазалығына әсер етпей қоймайды.

Экологиялық қауіптердің ауырлығына қарамастан, бұл мәселе Қазақстан ғалымдарының ғылыми зерттеулерінде іс жүзінде қарастырылмаған. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы қойылатын талаптарға әлі де жауап бермейді, кемшіліктер мен олқылықтар экологиялық заңнамада да, салалық табиғат қорғау заңнамасында да бар.

Айта кету керек, Қазақстанда экологиялық қолайсыз аумақтар қоршаған ортаның қолайлы жағдайын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі

шараларды талап ететін шұғыл оналтуға жатады. Әрине, бұл арнайы аймақтарда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар аумақты экологиялық бағалағаннан кейін ерекше құқықтық режим қолданылуы керек.

Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтар институтын қалыптастыру мен дамытудың құқықтық проблемаларын зерттеу практикалық тұрғыдан өте өзекті болып табылады.

Мұндай зерттеу қоршаған ортаға қатысты мемлекеттік шешімдер қабылдау процесін оңтайландыруға, Экологиялық қолайсыз аумақтардың және басқа да «экологиялық қақтығыстардың» - халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің жай-күйіне қауіп төндіретін қоршаған ортадағы өзгерістерге теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын даулы жағдайлардың пайда болуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны құқықтық реттеу теориясы мен практикасын біріктіру Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін экологиялық сауықтыруға ықпал етеді, бұл уақтылы және қоғамға пайдалы болып табылады.

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарын қоршаған ортаны қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі проблемасын анықтауға және жалпы талқылауға шығаруға мүмкіндік берді.

Мәселенің ғылыми даму дәрежесі. Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтары институтын қалыптастыру және дамыту мәселесінің жеткіліксіз зерттелуі отандық экологиялық-құқықтық ғылымның жіберген олқылығы болып табылады.

Жалпы теориялық көзқарастарды белгілі ғалымдар Б.Ж. Абдраимов, М.А. Аленов, С.Б. Байсалов, Д.Л. Байдельдинов, А.Е. Бектурганов, Ж.Х. Косанов, С.Т. Култелеев, А.С. Стамкулов, А.Е. Еренов, Л.К. Еркинбаева, А.Х. Хаджиев, Н.Б. Мухитдинов, С.Ж. Сулейменова, К.А. Шайбеков қарастырған. Экологиялық құқық ғылымына М.Ж. Абдраимова, Г.Т. Айгаринова, Н.С. Баимбетов, С.Д. Бекишева, А.З. Каскеева, А.К. Курманова, А.А. Мукашева, Ж.К. Рысбекова, Г.М. Тлебаев сияқты жас ғалымдар да үлес қосты.

Қарастырылып отырған мәселеге шетелдік зерттеушілермен көбірек көңіл бөлінді. Экологиялық қолайсыз аумақтар институтының мәселелері бойынша А.Н. Горбачев, Ю.А. Каспрова, Н.А. Петров, М.В. Попугаева, К.А. Ралитный, Ю.С. Черепанцева диссертациялары қорғалды және басқа да ғылыми зерттеулер жүргізілді (А. П. Анисимов, Т.С. Бакунина, С.А. Боголюбов, Б.В. Виноградов, В.Н. Кузмич, В.Н. Назаревский, И.Н. Жочкина, О.С. Колбасов, И.О. Краснова, В.Ф. Куксанов, М.Ю. Глуховская, А.А. Транин).

Біздің зерттеуімізде Қазақстан Республикасының қорғаныс және ғарыш қызметі қажеттіліктері үшін пайдаланатын экологиялық аумақтарды экологиялық қолайсыз аумақтарға жатқызу мәселесіне назар

аударылатындықтан, осы мәселеге арналған ғылыми еңбектерге сипаттама беру қажет. Қазақстанда әскери және қорғаныс қызметі саласында қоршаған ортаның жеке құрамдас бөліктерін қорғау мәселелері Қ.Т. Адранова (шекаралық аймақтардағы жер қатынастарын құқықтық реттеу ерекшеліктері, Қазақстанның әскери полигондарының жерлерін Ресей Федерациясының жалға беру мәселелері), Е.Ш. Жумаксанов (қорғаныс жерлерінің құқықтық режимі), Г.Қ. Копбасарова (Байқоңыр кешенінің жұмысына байланысты экология және табиғатты пайдалану мәселелері) жұмыстарында қарастырылған.

Аталған ғылыми зерттеулерге қарамастан, қазақстандық экологиялық құқық ғылымында соңғы жиырма жылға жуық уақыт ішінде заңнамадағы соңғы новеллаларды және зерттелетін өңірлердегі экологиялық ахуалдың өзгеруін ескере отырып, экологиялық қолайсыз аумақтарды зерделеу тұрғысынан кешенді зерттеу жүргізілген жоқ.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Зерттеудің мақсаты кешенді тәсіл негізінде Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарындағы қоршаған ортаны қорғауды құқықтық қамтамасыз ету жағдайын талдау және табиғатты қорғау заңнамасы мен оны қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Экологиялық қолайсыз аумақтарды құқықтық реттеудің генезисі мен қазіргі жағдайын зерттеу.
2. Экологиялық қолайсыз аумақтар туралы нормалардың экологиялық құқық жүйесіндегі орнын анықтау.
3. Экологиялық қолайсыз аумақтар институтының тұжырымдамалық аппаратын түсіндіру және оңтайландыру, «төтенше экологиялық жағдай», «экологиялық апат» ұғымдарын және «табиғи сипаттағы төтенше жағдай», «техногендік сипаттағы төтенше жағдай» ұғымдарын және олардың арақатынасын қарастыру.
4. Экологиялық қолайсыз аумақтарды құру критерийлері мен рәсімдерін нақтылау, төтенше экологиялық ахуал аймақтары (немесе тұрақсыз экологиялық ахуал аймақтары), экологиялық апат аймақтары туралы нормаларды кодификациялау мәселесін қарастыру.
5. Экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режимінің ерекшеліктерін анықтау.
6. Қазақстан Республикасының әскери және қорғаныс объектілерін әлеуетті экологиялық қолайсыз аумақтар ретінде және оларға қойылатын экологиялық талаптарды зерделеу.

Зерттеу нысаны. Диссертациялық зерттеудің объектісі Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні бұл экологиялық қолайсыз аумақтар туралы нормалар, олардың мәні мен мазмұнына ғылыми көзқарастар, экологиялық қолайсыз аумақтардың қоршаған ортасын қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық механизмі, құқық қолдану практикасы болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық базасы. Диссертация жазу кезінде танымның жалпы және арнайы әдістері қолданылды: жүйелік және теориялық талдау және синтез, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-аналитикалық, құрылымдық-логикалық, кешенді және т. б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыста «Экологиялық қолайсыз аумақтар», «экологиялық апат аймағы», «төтенше экологиялық жағдай аймағы», «биологиялық қауіпсіздік» құқықтық санаттарының авторлық анықтамалары ұсынылады. «Ерекше режимі бар табиғи-антропогендік кешен» құқықтық институтының, «Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарының құқықтық режимі» құқықтық субинститутының экологиялық құқық жүйесіндегі дербестігі туралы қорытынды негізделген.

Әскери және қорғаныс қызметін реттейтін заңнаманы экологияландыру, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің бірқатар баптарын жаңа мазмұнмен толықтыру, шет мемлекеттерде іске асырылатын табиғат қорғау іс-шараларының оң тәжірибесін енгізу қажеттілігі негізделген.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Төтенше экологиялық жағдай туралы нормалар (біздің ойымызша, оларды тұрақсыз экологиялық жағдай туралы нормалары ретінде белгілеу керек) іс жүзінде енгізу қажеттігі туралы қорытынды негізделеді, ол үшін барлық алғышарттар қалыптасқан: 1) төтенше экологиялық жағдай аймақтары деп тану критерийлеріне сәйкес келетін қолайсыз экологиялық жағдайы бар бірқатар өңірлердің болуы (Балқаш, Риддер, Теміртау, Өскемен, Шымкент, Екібастұз қалалары, Глубокое кенті, Шолаққорған және т. б.), 2) нормативтік құқықтық база (ҚР ЭК, ҚР ҚК). Осы жобаны іске асыру үшін төтенше экологиялық жағдай аймақтарын (немесе тұрақсыз экологиялық жағдай аймақтарын) анықтау мен қалыптастырудың жол картасын әзірлеу ұсынылады, онда қолжетімділік режимі шектеулі объектілерге – Азғыр, Байқоңыр, Сары-Шаған және т. б. аумақтарға осындай мәртебе беруді көздеу қажет.

2. Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аумақтарында қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы кезеңдерге бөлу ұсынылады: 1) Бірінші кезең (1991 жылғы 18 маусым – 1997 жылғы 14 шілде) – экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық институтын қалыптастырудың басталуы. «Экологиялық апат аймағы», «төтенше экологиялық жағдай аймағы» терминдерінің алғашқы пайда болуымен және қарастырылып отырған институттың заңнамалық рәсімделуімен сипатталады. 2) Екінші кезең (1997 жылғы 15 шілде – 2007 жылғы 8 қаңтар). 1997 жылғы 15 шілдедегі «ҚР-да қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда экологиялық қолайсыз аумақтар туралы нормалар одан әрі дамыды. 3) Үшінші кезең (2007 жылғы 9 қаңтар – 2021 жылғы 1 қаңтар). Экологиялық қолайсыз аумақтар туралы нормаларды кодификацияланған нормативтік құқықтық акт - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі деңгейінде бекіту. 4) Төртінші кезең (2021 жылғы 2 қаңтар – қазіргі уақытқа дейін). Кодекс

деңгейінде экологиялық қолайсыз аумақтар туралы нормаларды бекітуді тұрақтандыру және төтенше экологиялық жағдайға экологиялық талаптарды арттыру (адамдардың өміріне төнетін қауіп-қатерлерді қоғамдық қауіпті салдарлар қатарына қосу).

3. Құқықтық терминологияны жетілдіру мақсатында «төтенше экологиялық жағдай», «табиғи сипаттағы төтенше жағдай», сондай-ақ «техногендік сипаттағы төтенше жағдай» ұғымдарын ажырату және «әркелкі оқулардың» алдын алу үшін іс жүзінде «төтенше экологиялық жағдай» ұғымын «тұрақсыз экологиялық жағдайға» өзгерту ұсынылады. Сондай-ақ, осы құқықтық категорияны анықтау да түзетуге жатады.

4. Экологиялық қолайсыз аумақтар институтының тұжырымдамалық аппаратын нақтылау және толықтыру мақсатында Қазақстан заңнамасында көрініс таппаған «биологиялық қауіпсіздік», «экологиялық апат аймағы», «төтенше экологиялық жағдай аймағы», «табиғи-антропогендік кешен», «экологиялық қолайсыз аумақтар» құқықтық санаттарының авторлық анықтамалары әзірленді.

5. Төтенше экологиялық жағдай аймақтарының (немесе тұрақсыз экологиялық жағдай аймақтарының), экологиялық апат аймақтарының құқықтық режимінің ерекшеліктері туралы нормаларды қамтитын «Ерекше экологиялық-құқықтық режимі бар табиғи-антропогендік кешендер туралы» ҚР дербес Заңын әзірлеу мен қабылдаудың орындылығы анықталды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Теория үшін диссертацияның маңыздылығы жұмыста көрсетілген негізгі нәтижелер бұрын монографиялық ғылыми зерттеудің тақырыбы болмаған, экологиялық қолайсыз аумақтардағы қоршаған ортаны құқықтық қорғау институтының дамуына ықпал етеді.

Жұмыста ұсынылған идеяларды экологиялық қолайсыз аймақтардағы қоршаған ортаны қорғау бойынша жаңа ғылыми зерттеулерде одан әрі дамытуға болады.